

**Мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруды және өткізуді бірыңғай
үйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін
қызметтердің тізбесін бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің м.а. 2017 жылғы 22 ақпандағы № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 ақпанда № 14850 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 743 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 25.12.2017 № 743 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен
РҚАО-ның ескертпесі!**

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 8-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруды және өткізуді бірыңғай үйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. "Мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруды және өткізуді бірыңғай үйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 669 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіzlімінде 2015 жылғы 28 желтоқсанда № 12556 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті (К.Н. Абдуллаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік

құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік көсіпорнына жіберуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін құнтізбелік он құн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2.2. тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
міндетін атқарушы

Б. Шолпанқұлов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2017 жылғы 22 ақпандығы
№ 130 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруды және өткізуді бірыңғай үйымдастыруши жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі*

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – КР Қаржы министрлігі 19.06.2017 № 387 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

p/c №	Атауы
1	Тауарлар:
1.1	автокөлік құралдары, механикалық көлік құралдары
1.2	тікұшақтар
1.3	серверлер, телекоммуникация құралдары және олардың құрамдас бөліктері (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс/аукцион жүргізуге бөлінген сомадан асқан жағдайда)
1.4	жұмыс станциялары, дербес компьютерлер, моноблоктар, мониторлар, экран, процессорлар, ноутбутер, көп функционалды құрылғылар, принтерлер, сканерлер (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс/аукцион жүргізуге бөлінген сомадан асқан кезде)
1.5	лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз ету (бағдарламалық өнімдер), апараттық-бағдарламалық кешен (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс/аукцион жүргізуге бөлінген сомадан асқан кезде)
1.6	жиһаз (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен конкурс/аукцион жүргізуге бөлінген сомадан асқан кезде)
	медициналық техника және медициналық мақсатты бұйымдар, кепілдік берілген тегін медициналық көмек және міндетті әлеуметтік медициналық сактандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету

1.7	бойынша көлемі шеңберінде көзделген тауарларды қоспағанда (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс/аукцион жүргізуге бөлінген сомадан асқан кезде)
1.8	жекел өнеркәсіп өнімдері (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен конкурс/аукцион жүргізуге бөлінген сомадан асқан кезде)
2	Жұмыстар:
2.1 **	бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар болып табылатындардың бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын объектілерді (жүйелерді) салу (курлышы) және (немесе) реконструкциялау
2.2	Р Қ А О - ның ескертпесі! Ескерту. 2-2-тармак 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР Қаржы министрінің 19.06.2017 № 387 бұйрығымен
2.3 **	бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар болып табылатындардың бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын автомобиль жолдарын, су көлігін, азаматтық авация және әуе көлігін дамытуға арналған реконструкция, құрылыш және жобалау-іздестіру жұмыстары (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жұз мың еселенген мөлшерінен конкурс жүргізуге бөлінген сомадан асқан кезде)
2.4 **	бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар болып табылатындардың бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу
2.5 **	бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар болып табылатындардың бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын қолдағы бар объектілеріне қурделі жөндеу, орташа жөндеу, ағымдағы жөндеу, ұстау, қамтамасыз ету, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу мың еселенген мөлшерінен конкурс жүргізуге бөлінген сомадан асқан кезде)
3	Көрсетілетін қызметтер:
3.1	ақпараттық жүйелерді құру, енгізу және дамыту (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс жүргізуге бөлінген сомадан асқан кезде)
3.2	ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс жүргізуге бөлінген сомадан асқан кезде)
3.3	жүйелік-техникалық қызмет көрсету, аппарattyқ-бағдарламалық кешендерді жөндеу (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс жүргізуге бөлінген сомадан асқан кезде)
3.4	полиграфиялық қызметтер (полиграфиялық жұмыстар) және баспа өнімдерін өндіру (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс жүргізуге бөлінген сомадан асқан кезде)
3.5	лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз ету (өнімді) техникалық қолдау (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс жүргізуге бөлінген сомадан асқан кезде)
3.6 **	бюджет қаражатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар болып табылатындардың шығатын инжинирингтік қызметтер

Ескерте:

*мемлекеттік сатып алуды бірынғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша

мемлекеттік сатып алушты ұйымдастыру және өткізу "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы" мемлекеттік мекемесі мен оның ведомстволары жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алуларды қоспағанда, электрондық сатып алу арқылы өткізілетін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қолданылады.

** жоғарғы бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге беретін нысаналы даму трансфертерін қоспағанда, тапсырыс берушілер (ведомстволар және олардың аумақтық бөлімшелері, республикалық заңды тұлғалар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар) айқындаған тұлғалардан тәуелсіз орталық атқарушы және басқа да орталық мемлекеттік органдары әкімші болып табылатын 2.1, 2.3, 2.4, 2.5 және 3.6-тармақтарында көрсетілген жұмыстар бойынша мемлекеттік сатып алушты ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК